

АВІКҚЫН

Ұлттық код – халықтың өзегі

Тәуелсіздігімізді алған алғашқы жылдары жаһандануға дайынбыз ба, жаһанданудың екпіні қандай деген сынды мәселелер БАҚ беттерінде жарияланып талқыланған. Біз ұлттық этникалық бет-келбетімізді жоғалтып алмаймыз ба, ата-баба салтын сақтай аламыз ба деген қауіптер болған. Сол уақыттан бері ширек ғасыр өтті. Жаһанданудың бел ортасындамыз. Жаһанданудың бірнеше кезеңдері болады. Дүниежүзімен қарым-қатынасты нығайтқан сайын жаһанданудың үшінші, төртінші толқындары жүруі мүмкін. Соған қазақ деген ұлт, этнос ретінде болмысымызды сақтап, төтеп бере аламыз ба?! Міне, осы сауал көпшілікті алаңдататыны анық. Ұлттық болмысымызды сақтаудың бірден-бір жолы – ұлттық сананы қалыптастыру. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жариялануының алғышарттары осыдан бастау алған. Мақаланы сараптасақ, екі үлкен бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі – теориялық мәселеге арналса, екінші бөлімі – нақты практикалық мәселеге бағытталған. Ерекше айта кететін жайт, Елбасы бірінші бөлімде ұлттық код мәселесіне егжей-тегжейлі жауап береді. Ғылыми тұрғыда келгенде код ұғымының ауқымы кең. Ұлттық код дегеніміз – халықтың ішкі этникалық өзегі. Ағаштың сыртқы қабығы сияқты кез келген ұлттың, халықтың сыртында дәстүрі, салты, әдет-ғұрпы, тілі, діні жатыр. Ішкі жадында осылардан туындайтын ар-ұят, намыс, ұлттық сана, ұлттық болмыс сынды көзге байқалмайтын факторлар бар. Осы ішкі факторлардың мәні өзгермес үшін өзегі дұрыс болуы керек. Ұлттық код осы ұғымдарға саяды. Заман ағымына қарай, ғылыми-техника жаңалықтарына байланысты ұлттық дәстүрлеріміз, салтымыз бейімделіп өзгеруі де мүмкін. Ең бастысы, олар мәнін, мазмұнын жоғалтпауы қажет. Сондықтан Елбасы айтқандай, ұлттық сананың жаңғыруы дегеніміз – қазақ деген ұлт өзінің қандай дәстүрі болса да заманға орай жаңғырып отыруы керек. Ұлттық код сақталса, бұзылмаса, біз барлық замандарда ұлт ретінде жаңа заманға лайықталып бой түзейміз. Мақалада Елбасы таяу жылдардағы нақты жүзеге асыратын тапсырмаларды ұсынды. Мемлекет басшысы нақты бес тапсырманы ұсынып отыр. Біріншісі – латын әліпбиіне көшу. XX ғасырдың 20-жылдары ұлт зиялылары бұл мәселені көтеріп, латын әліпбиіне өтудің маңызы хақында айтқан. Мұндағы мақсат – бүкіл түрік әлемімен бірігу. Біз түркі әлемінің бір құрамдас бөлігі болғандықтан біздің әрбір азаматымыз бүкіл түрік әлемінде болып жатқан жаңалықтарды латын әліпбиі арқылы біліп отыра алады. Енді латынға көшуде ең тиімді жолын таңдап алсақ деген ой бар. Бұл мәселенің оңы мен солын зерделеп, қиыншылықтарын саралап кезең-кезеңмен өтсек құба-құп. Келесі өзекті мәселе ретінде оқулық жайы да

сөз болған. Жасыратыны жоқ, қазір дүниежүзінде гуманитарлық ғылымдар философия, әдебиет, тіл, тарих, политология, психология бойынша ең озық деген тәжірибелер бар. Міне, осындай әлемдік дүниелерді қазақ тіліне аудару – ауқымды шара болатыны анық. Қазақ жастары әлімдік теорияны, жаңа методологияларды білуі қажет. Білім көкжиегі кеңейіп, қателесу мүмкіндігі де азаяды. Сондықтан бұл бастаманың да берері мол. Мемлекет басшысының мақаласында сөз болған «Туған жер» бағдарламасының алатын орны айрықша. Еліміздің әрбір жерінде тарихтың нүктесі жатыр. Осынау ғасырларда ата-бабамыздың жүріп өткен жолдары жатыр. Солардың кейбіреулері аңыз арқылы ашылғанымен, белгісіз болып жатқандары қаншама. Елбасы осылардың барлығын жинақтап, тарихтанулық, өлкетанулық бағытты күшейтуді тапсырды. Әрбір елдімекеннің, ауылдың тарихын хатқа түсірген абзал. Бір ауылдың тарихы арқылы Отанға, бүкіл Қазақстанға деген сүйіспеншілікті оятуға болады. Меніңше, мұның барлығын жинақтап, үлкен энциклопедиялық бағытта жазу керек. Келесі маңызды бағдарлама – Қазақстанның киелі тарихи ескерткіштерінің белдеуі. Біздің жерде бүкіл әлемге танымал болған ескерткіштердің бірі – Ботай мәдениеті бар. Одан кейінгі Шығыс Қазақстандағы Берел ескерткіштері, патшалардың обалары саналатын – Шатыр ескерткішін сөз етсек болады. Сайрам, Сауран, Тараз, Сығанақ секілді Оңтүстік Қазақстандағы ерте ортағасырлық қалалар да тарихи маңызды ескерткіштерге жатады. Бұлардың барлығы – халқымыздың әртүрлі тарихи кезеңдегі жасаған туындысы. Елбасы осының барлығын жаңғыртып, бүгінгі қоғамға дәріптеудің ұлт санасында, ұлттық болмысты қалыптастыруда үлкен рөл атқаратынына мән берген. Сондықтан Елбасының бұл мақаласы дәл өз уақытында өмірге келген, бүгінгі қоғамның көкейкесті мәселелерін көтерген, рухани жаңғыруға бағытталған құжат деп айтуға толық негіз бар.

Берекет Кәрібаев, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор